

# ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ МУЗЫКАЛЫҚ АСПАПТАРЫ

Казахские  
традиционные  
музыкальные  
инструменты

Kazakh  
traditional  
musical  
instruments





A man in traditional Kazakh attire, including a dark patterned jacket with leather straps and a decorative belt, is playing a suzko (a traditional Kazakh wind instrument). He is standing outdoors against a bright blue sky with scattered white clouds. The background shows a grassy field.

З.С. Жәкішева

# ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ МУЗЫКАЛЫҚ АСПАПТАРЫ

Казахские  
традиционные  
музыкальные  
инструменты

Kazakh  
traditional  
musical  
instruments



Алматыкітап баспасы – 2015

УДК 78.022  
ББК 85.315.3  
Ж 36

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі жалпы білім беретін  
мектептің оқу-тәрбие үрдісінде пайдалануға ұсынады

**Жәкішева З.С.**

**Ж-36 Қазақтың дәстүрлі музыкалық аспаптары** = Казахские традиционные музыкальные инструменты = Kazakh traditional musical instruments. / З.С. Жәкішева – Алматы: «Алматыкітап баспасы», 2015. – 232 бет, суретті. - Қазақша, орысша, ағылшынша.


ISBN 978-601-01-2608-4

Өнертанушы-этнограф Сыпатайқызы Зәбира Жәкішеваның бұл еңбегі ел өмірі мен тарихының, өнері мен мәдениетінің ажырамас байлығы, төл мұрасы саналатын қазақтың дәстүрлі ұлттық музыкалық аспаптары жөніндегі бұрын жарық көрген ғылыми мақалалары мен ізденістерінің жалғасы. Дәстүрлі музыкалық аспаптар тарихын қарастырудың өзегіне архаикалық заманалардан сыр тартатын тас мүсіндер, жартас таңбалары, үңгір қабырғаларына салынған пеглифтер, археологиялық қазбалардан табылып анықталған түпнұсқалар, сандаған музейлердің қорларында жинақталған этнографиялық көне аспаптар негізге алынған. Кітап көркем безендірілген. Екінші бөліміне аспаптармен байланысты болып келетін аңыз-әңгімелер, наным-сенімдер мен халықтық ұстанымдар енген. Кітап жоғары сынып оқушыларына, тәрбие жұмыстарына қосымша оқу құралы ретінде мұғалімдерге, жалпы өнер сүйер көпшілік оқырман қауымға ұсынылып отыр.

УДК 78.022  
ББК 85.315.3

ISBN 978-601-01-2608-4

© Жәкішева З.С., 2009  
© «Алматыкітап баспасы» ЖШС, 2009





«... Киіз үйге кіріп келген бір топ қыздардың бірі – домбырада, бірі – шаң-қобызда, ал бірі – сырнайда ойнап берді».

Я.П. Жарков. XVIII ғ.

## Кіріспе

Қазақтың дәстүрлі музыкалық аспаптары халқымыздың тұрмысы мен тіршілік қам-қарекетіндегі, салт-дәстүрі мен дүниетанымындағы, тарихы мен өнеріндегі бірегей заттық мұрасы, рухани-мәдени байлығы болып табылады.

Қазақтың дәстүрлі музыкалық аспаптарының тарихы – көне тас ғасыры (б.з.д. XI–X мыңжылдықтар), неолит жаңа тас ғасыры (б.з.д. IV–III мыңжылдықтар), қола дәуірі (б.з.д. VII–V мыңжылдықтар), көне түрік дәуірі (б.з. V–VIII ғ.ғ.), көне қыпшақ дәуірі (б.з. IX–XII ғ.ғ.), орта ғасыр (XV–XVIII ғ.ғ.) кезеңдерін қамтиды.

Шығыстық ғұламалар Ибн Сина (IX–X ғ.ғ.), Әбу Насыр әл-Фараби (870–950), Абдурахман Джами (1414–1492), XIII–XVII ғасырлар аралығында қазақ өлкесіне келген алғашқы шет жұрттық саяхатшылар М. Поло (1254–1323), И.Г. Георгий (1729–1802), П. Паллас (1741–1811), Г.Ф. Миллер (1705–1783), осы жиынкез-саяхатшылардың ізін ала XVIII–XIX ғасырлар аясында қазақ сахарасына саяхат жасап, халық тарихы мен этнографиясына нақты зерттеу жұмыстарын жүргізген В.В. Радлов (1837–1918), Р.А. Пфенниг (1823–1898), Б.Ф. Залесский (1820–1886), А.Ф. Эйхгорн (1844–1909), Н.Ф. Финдейзен (1868–1928), Г.Н. Потанин (1835–1920), ұлт ғалымдары Ш. Уәлиханов (1835–1865), Ә. Диваев (1855–1933) т.б. зерттеуші-этнографтар өз жазбаларында қазақтың ән-күйі, термесі, өлең-

жыры, аңыз-дастаны, толғауы, би нұсқаларымен қоса дәстүрлі музыкалық аспаптарымыз туралы да тамсана жазып, Ұлы Дала өнерінің өзіне тән ерекшеліктері жөнінде деректі мәліметтер қалдырды.

Қазақ аспаптану ғылымының нақты зерттеу нысаны, дереккөзі саналатын дәстүрлі музыкалық аспаптарымызды зерттеп-білу, орнықтыру ісі ұлы ғұлама Әбу-Насыр әл-Фарабиден (870–950) бастау алатыны белгілі. Бұл істі Ш. Уәлиханов, С. Қасиманов, А. Байтұрсынұлы, Ә. Марғұлан, А. Машани, А. Жұбанов, Б.Г. Ерзакович, Ө. Жәнібек, О. Хаймолдин т.б. ғалымдар одан әрі жалғастырды. Қазақтың тұңғыш аспаптанушы-ғалымы Б.Ш. Сарыбаев (1927–1984) ұлт аспаптарына алғашқылардың бірі болып тыңғылықты зерттеу жүргізіп, ұлт мәдениетіндегі орнын анықтады. Оның еңбегі өзінен кейінгі зерттеу жұмыстарына үлгі-нұсқа болды.

Дәстүрлі музыкалық аспаптарымыздың бүгінге жеткен үлгі-нұсқалары мол. Аспапшы-шеберлер О. Бейсенбекұлы (1931–2006), Д. Шокпарұлы (1946–2006), Ж. Тұрдығұлов, Б. Қабыланов, Н. Атамқұлов, А. Құмаров, С. Кенжеғараев, қазақтың акустик ғалымы, өнертану ғылымының кандидаты Ж. Нәжімеденов т.б. мамандар ұлт аспаптарының затын, қолданылуын, дыбыс ауқымын, жасалу әдіс-тәсілін, таралу өрісін одан әрі кеңейтті. Олар қалпына келтірген этнографиялық аспаптардың басым көпшілігі елімізге әйгілі «Шертер» (1970), «Саз-



*«Маған бүкіл қазақ даласы ән салып тұрғандай болып көрінеді».*

*Г. Потанин.*

ген» (1980), «Отырар сазы» (1983), «Адырна» (1985), «Алтынай» (1986) т.б. халықтық-этнографиялық көне аспаптар ансамбльдері мен кәсіби оркестрлерде және би топтарында табыспен игерілуде. Ал бірқатар көне нұсқалары тарихи дереккөз, мәдени мұра ретінде еліміздің музейлерінің қор-көрмелері арқылы насихатталуда.

Халық тұрмысындағы әдет-ғұрып, салт-дәстүр, діни ұстанымдары сияқты дыбыстық құралдарды да тұрпайыдан классикалық дәрежеге дейінгі нұсқаларын қоса дамытты. Дәстүрлі музыкалық аспаптарымыз этникалық өзін-өзі танушылық секілді белгілермен үзбей байланыста бола отырып, әлеуметтік қарым-қатынастардың барлық жақтарын қамтитын маңызы зор рухани-мәдени және тарихи мұра дәрежесіне дейін жетілді. Осы тұрғыдан алғанда кейбір музыкалық аспап-мұралардың ұлт тарихы, өнері мен ұрпақ тәрбиесіне қызмет етушілік маңызы барынша айқындала түседі. Мәселен, қазақ үшін домбыра заттық және әуездік төл мұра болуымен бірге, оның ұлт үшін рәміздік (*символикалық*) нышаны да айрықша.

Дәстүрлі музыкалық аспаптар тарихын қарастырудың өзегіне архаикалық заманалардан сыр тартатын тас мүсіндер, жартас таңбалары, үңгір қабырғаларына салынған петроглифтер, археологиялық қазбалардан табылып анықталған түп-нұсқалар, сандаған музейлердің қорларында

жинақталған этнографиялық көне аспаптар негізге алынды.

Қазақтың дәстүрлі музыкалық аспаптары дыбыс ерекшеліктеріне қарай төрт топқа жіктеледі. Олар: соқпалы-шулы, сылдырлы; үрлемелі; ыспалы; ішек-ті-шертпелі.

#### **Соқпалы-шулы аспаптар**

*Дабыл* – шанағы дөңгелек шеңбер етіліп, екі жағына жас мөлшері екі айдан алты айға дейінгі бұзау, түйе терісі қапталып жасалады. Дабылды саусақпен немесе арнайы жасалатын басы жұмыр шағын таяқшамен ұрып ойнайды. Даусы – терінің жұқа немесе қалыңдығына, терінің қатты немесе орташа керілуіне байланысты болып келеді. Дабылдың шанағы тал, қайың, тораңғы секілді иілуге көнетін ағаштардан жасалады.

*Жорық дабылы* – үлкен етіп жасалады. Жалпы шеңбер аумағы – 3 метр 40 см., биіктігі – 1 метр болып келеді.

*Дауылпаз* – көне аспап, ертеде аңшылық, саятшылық, құсбегілік салт-дәстүрлерде қолданылған. Аспапты таяқпен ұрып ойнайды.

*Соқпалы-шулы шыңдауыл* – шың аспаптары шанағы тұтасымен металдан жасалып, бір жақ беті мал терісімен қапталады. Тері қапталмас бұрын шанақтың ішіне шулы үн беретін сылдырмақ-қоңыраулар немесе темір шығыршықтар тағылады.

*Қос дүңкілдек* – шанақ іштері қуыс, беті бұзау



терісімен қапталады. Шеберлер оның бір бетін жұқа терімен, екіншісін қалыңдау етіп керіп жасайды, ұрса, екеуінен екі түрлі дүңкілдеген үн шығады.

Бұдан басқа да осы топқа жататын дудыға, даңғыра, тоқылдақ, кепшік, сақпан, шартылдауық, зырылдауық, асатаяқ, сылдырмақ, қоңырау, тұяқ тас, шың секілді соқпалы-шулы аспаптар бар, олар этнографиялық мұралар санатына жатады.

### Сылдырлы аспаптар

Сілкіп ойналатын сылдырлы аспаптар тобына – *асатаяқ, қоңырау, сылдырмақтар* жатады.

*Асатаяқ* тұтасымен шырша, емен, үйеңкі, дола-на секілді ағаштардан жасалады. Жалпақтау басы-на әр түрлі мөлшердегі шулы дыбыс беретін темір сақиналар мен шығыршықтар тағылады.

Сылдырлы аспаптардың бірі – *дүңгіршек (дүңгішек)* саздан (*қыштан*) жасалатын жалғыз нұсқа және археологиялық мұра ретінде құнды санала-ды.

### Үрлемелі аспаптар

Үрлемелі аспаптар маңызды екі белгісімен ерек-шеленеді. Біріншіден – жаратынды табиғи түп тегі болса, екіншіден – зат талғамайтындығы. Олар қайсыбір аспаптарға қарағанда қайың қабығынан (*тозынан*) бастап қамыс-қурай, бамбук, ағаш, тері, саз балшық, қыш, пластмасса, сүйек, мүйіз, темір, мыс, жез, мал қуығы, түйе өңеші, балық пен жылан терісі секілді заттардан жасала береді.

*Үскірік* – саздан, қыштан жасалады. Аспаптың дыбысы үскіріп соққан боран мен қатты желдің уіліне ұқсас болғандықтан, үскірік кей жерлерде уілдек деп те аталады.

Тұтасымен саздан жасалған үрлемелі архео-логиялық көне аспаптың бірі – *құссайрауық*. Өткен ғасырдың соңында Түркістан қаласындағы ашылып қалған ежелгі қоныс орнынан кездейсоқ табылған бұл аспап түрі көне түрік дәуіріне (VII–VIII) жатады. Аспап сайрайтын құстардың үнін бере алатындықтан, жиынтық түрде құссайрауық аталды.

*Бұғышақ* – үрлемелі аспаптардың сүйек пен мүйізден жасалатын түрі. Аспаптың дыбысы ма-рал мен бұғылардың даусына ұқсас болғандықтан, жайылып жүрген маралдарды бір жерге жинау үшін қолданылады.

Үрлемелі аспаптардың ішінде тұтасымен көн теріден жасалатын жалғыз нұсқасы – *желбуаз* ата-лады. Екі жерінен даусын шығарып ойнайтын, ды-быс ойықтары салынған іші қуыс ұзынша қамыс түтікшелері орнатылады. «...Буаз сиырдың желінін-дегі емшектерінің жан-жаққа тырсия жайылуына ұқсас болғандықтан, аспап атауының шығу төркіні желбуаз аталған», – деген мәлімет кездеседі.

*Шаңқобыз* – тұтасымен металдан, кейде ағаштан жасалады. Шаңқобызды орындауда ерін, тіл, көмей секілді адамның тыныс алу жолда-ры басты роль атқарады. Шаңқобыз түрік текті

халықтардың барлығында кездеседі және өз тілдік атауымен аталады. Ал еуропалықтар оны «варган» дейді.

Сирек кездесетін бір түрі – *тоз сырнай*. Ол қайыңның сыртқы қатқыл қабығын аршып тастап, діңіне таяу жеріндегі биязы тозын алып, үлкендігін бас бармақтай етіп пішіндеп, содан кейін екі бүктеп доға тәріздес етіп жасайды. Үрлемелі аспаптардың үлкен бір тобы қос қамыс, ұран, керней және сыбызғы.

*Ұран* – өзегі алынып, қаққа бөлінген іші қуыс екі ағашты қайта біріктіріп, сырты қайыспен орап жа-салады.

*Керней* – тұтасымен металдан жасалады. Ағаш-тан жасалатын кернейдің сыртын түйе өңешімен қаптап жасайды. Бұл – ағаштың жарылып кет-пеуі үшін қолданылатын халықтық әдіс. Керней этнографиялық аспап ретінде сирек кездеседі.

Үрлемелі аспаптардың ішінде кең тарағаны – *сыбызғы*. Сыбызғы таңқурай, көкқурай аталатын қурай түрлерінен жасалады. Сыбызғының сырты малдың ішегімен, кейде мал өңешінің ақ шелімен қапталады. Бұл оның жауын-шашынға төзімді болып ұзақ сақталуына, қурайдың жарылып кет-пеуіне және үнінің таза сақталуына байланысты қолданылатын әдіс-тәсіл. Сыбызғы аспабын жасау тәсілі қарапайым, әрі жеңіл болғанымен онда ой-нау күрделі. Сол үшін де ел арасында бұл өнерді меңгерген сыбызғышылар сирек.

### Ыспалы аспаптар

Дәстүрлі музыкалық аспаптардың ішінде ыспалы аспаптардың сипаты, заты және жасалу әдіс-тәсілдері жалпы түрік тектес халықтардың барлығына бірдей ортақ. Олардың бүгінге дейін сазген, қылқобыз, нарқобыз, егек, бозаншы секілді бірнеше үлгі-нұсқалары қалыптасты.

*Қылқобыз* – көне аспап ретінде космологиялық, діни-ғұрыптық салттарда, абыз-жыраулар қолда-нысы мен бақсылық әрекеттермен байланысты дамыған. Шанағы емен, үйеңкі, қарағай, долана секілді қатты жынысты ағаштан тұтас ойып жаса-лады, қыл ішекті болып келеді. Кей жағдайда іші-не түрлі магиялық әсер беретін темір сақиналар тағылады.

Ішекті ыспалы аспаптың ел арасына кең тарай қоймаған этнографиялық нұсқаларына сазген, егек, бозаншы аспаптары жатады.

Ыспалы аспаптардың ішектері жылқының жал-құйрығынан алынады. Ертедегі шеберлер мен қобызшылар қылды жылқылар табында жүрген жерінен көктемнің соңына қарай күзеп алатын болған. Себебі, тірі жылқы қылының тартылыс күші көп, энергиясы мол болып келеді. Сондықтан да қобызшылар ыспалы аспаптарға өлген жылқының қылын пайдаланбайды.

Ыспалы аспаптардың ішінде ішегі тарамыстан жуан етіп ызып жасалатын аспап – *нарқобыз*.



### Шертпелі және көп ішекті аспаптар

Әл-Фараби ішекті-шертпелі аспаптардың пайда болу төркінін садақтан таратады және бұл барлық елдерде негізделген қағида.

Қазақтың шертпелі аспаптарының ішіндегі ең көп қолданылатыны және көптеген үлгі-нұсқалары бары – *домбыра*. Домбыралардың шанағы тұтас ойып та, құрап та жасалады. Домбыралардың сырт нұсқалары әртүрлі болып келгенімен, жасалу әдіс-тәсілдері мен бөлшектері ортақ. Домбыра негізгі бес бөліктен тұрады. Олар: *бас, мойын, кеуде, шанақ, қақпақ*. Осыларға қосымша: *құлақ, тиек, кемер ағаш, тұжым ағаш, бастырма, ішек, үндік (ойық), пернелер, қалқа, серпер, желкелік, түйме, өрнек, желбезек* тақтайша деп аталатын қосалқы бөлшектері де бар. Тиектің де бірнеше түрі бар. Олар: *бас (жоғарғы) тиек, негізгі тиек, түйме тиек, табалдырық (шайтан) тиек*. Бұл бөлшектерсіз домбыра үн шығармайды, ойнауға келмейді.

Домбыра пернелерінің ешбір халықта кездеспейтін, қазақ дүниетанымы мен домбыра болмысына тән тағы бір көне атауларын зерттеуші-ғалым Т.Әсемқұлов былайша көрсетеді: шыңырау перне – (*до*), жуас перне – (*до диез*), көсем перне – (*ре*), даңғыл перне – (*ми*), мұңлы перне – (*ми бемоль*), жетім перне – (*фа*), емірелі перне – (*фа диез*), оғыз перне – (*соль*), үйсіз перне – (*соль диез*), шағырмақ перне – (*ля*), Кетбұға перне – (*ш*), тылсым перне – (*си бемоль*). /60. 186-188 бб./

Қазақ дүниетанымы бойынша домбыра бойында қолөнер, орындаушылық, күйшілік секілді танымдық құндылықтар жинақталған. Адам көкірегіне нұр құятын, жамандықтан сақтайтын күшке ие аспап ретінде оған үкі, қоңырау тағып, төрге іліп қастерлейді. Басқа аспаптарға қарағанда домбыра бақсы ойыны, дуаналық, балгерлік, емшілік секілді діни-ғұрыптық салттарда қолданылмайды. Қазақ даласының әр өңірінен «үшем», «бүктемелі», «үш ішекті», «қуыс мойын», «екі жақты», «желбезекті», «қос мойын», «кең шанақты», «қауақ», «тұмар» деп аталатын үлгі-нұсқалары пайда болған.

Шағын үлгіде жасалатын, балаларға арналған екі ішекті түрі – шіңкілдек. Шіңкілдектің үні басқа аспаптардың дыбысымен қосылғанда ашық естіліп ерекшеленіп тұрады.

Домбыра тобындағы әлі де болса сирек қолданылатын нұсқасы – үш ішекті домбыра. Аспап ішек саны, бұрауы және үш ішекте орындалатын күй шығармаларымен ерекшеленеді. Ұлы Абайдың кезінде өз ән-күйлерін сүйемелдеген үш ішекті тарихи домбырасы сақталған.

Ішекті-шертпелі аспаптардың ішінде беті терімен қапталып жасалатын үлгісі – *шертер* деп аталады. Оның көне нұсқасына перне тағылмайтын болған. Ішегі жылқы қылынан тағылғандықтан, ертеде ол «шертпе қыл» деп аталған. Ол қылқобызға ұқсас,

алайда ол ыспалы емес, шертпелі аспап. Шертер ең көне (*архаикалық*), және дамыған нұсқа деп бөлінеді. Шанағы тұтасымен терімен қапталып, мойны қысқа, жуандау, үш ішегі де аттың қылынан жасалған көне нұсқалары музей қорларында сақталған. Шертер аспабына алғаш зерттеу жүргізіп, дыбыс ауқымы мен затын, жасалуын анықтаған белгілі ғалым Б. Сарыбаев.

Қазақтың дәстүрлі музыкалық аспаптарының ішінде көп ішекті аспап – *керуіш*. Керуіштің негізгі тұрқы бұрышты, доға, кейде садақ тәрізді иіп, шеңберлі етіп шырша, долана, емен секілді басқа да қатты ағаштардан жасалады. Нұсқаларына қарап қазақтар оны садақ, адырна, керуіш, кергіш деп ата-са, түрік текті халықтар арасында шатхан, жадыған, ятхан, ал еуропалық елдерде ол жалпы арфа деп аталады. Керуіштің пайда болуы әу баста садақтан өрбіп, түрлене келе әртүрлі бағытта қолданылған. Ертедегі шеберлер керуіштің шанағына ірі малдың, бұғы, арқар секілді түз тағыларының ұзынша боп иіліп келген мүйізін пайдаланып, оған ішек керіп жасаған.

Қазақ керуішіне 13-тен 18-ге дейін ішек тағылып, шертіп, ілмелеп отырып ойналады. Ішектер байланатын доға тәріздес ағаштың басы аққу тәрізді етіп жасалса, бұл нұсқада «аққу керуіш», бұғы, арқар мүйізі салынып жасалса, «мүйіз керуіш» деп атайды.

Көп ішекті аспаптың осыған ұқсас бір түрі – адырна. Аспаптың пайда болу тарихы б.з.б. III ғасырдан б.з. IX ғасыр арасы деген болжамдар бар. «...Бағзы заман аңшыларының садақ атып, жебе тартып, аң аулау, құс ату секілді тұрмыс-тіршілік қарекеті адырна аспабының пайда болуына негіз болған...» немесе «...біздің жыл санауымыздан бұрын адырна садақ тәріздес етіп жасалып, шанақты марал, таутеке, бөкен, бұғы, өгіз секілді жануарларға ұқсастырып жасайтын болған...», – деп айтылатын сипаттамалар ел аузында сақталған.

Көп ішекті этнографиялық аспаптардың үнемі қолданыста жүрген нұсқасы – жетіген. Жасалуы да, ойналуы да үлкен шеберлікті қажет ететін күрделі аспап.

Ертеде жасалған жетігенге жылқы қылы немесе тарамыс ішек тағылып, тиек орнына қозы-ешкінің шағын асықтары қолданылатын болған. Ол құлақтың да қызметін атқарады. Дыбысы осы асықтарды әрлі-берлі жылжытып отыру арқылы шығарылады. Шанақтың асты астауға ұқсастырып ойылады.

Көне, тұрпайы нұсқасы бойынша өткен ғасырдың 1970–80-ші жылдарында алғаш рет осы бөлшектерді өмірге енгізіп, дамыта жасаған белгілі шебер О. Бейсенбекұлы.





Қобызшы. XIX ғасырдың аяғы.  
Кобызист. Конец XIX века.  
Kobyz player. The end of XIX c.



Ықылас атындағы республикалық  
халық музыкалық аспаптар музейі.  
Республиканский музей народных  
музыкальных инструментов имени Ықыласа.  
The republican museum of public musical  
instruments named after Ykylas.

## Введение

Казахские традиционные музыкальные инструменты являются уникальным достоянием, духовным и культурным богатством, занимающим важное место в жизни, быту, обычаях и традициях, мировоззрении народа.

История казахских традиционных музыкальных инструментов охватывает периоды – эпоху каменного века (XI–X тыс. до н. э.), новокаменного века и неолита (V–III тыс. до н. э.), эпоху бронзы (II тыс. до н. э.), времена древних тюрок (V–VIII вв. н. э.), древних кипчаков (IX–XII вв. н.э.), средние века (XV–XVIII вв.).

Об искусстве Великой Степи, его особенностях оставили бесценные документальные исследования великие ученые Востока Ибн Сина (IX–X вв.), Абу Насыр аль-Фараби (870–950 гг.), Абдурахман Джами (1414–1492 гг.), зарубежные путешественники, впервые посетившие казахские степи в XIII–XVIII вв., М. Поло (1254–1323 гг.), И.Г. Георгий (1729–1802 гг.), П. Паллас (1741–1811 гг.), Г.Ф. Миллер (1705–1783 гг.), после них подробно исследовавшие историю, этнографию казахов ученые В.В. Радлов (1837–1918 гг.), Р.А. Пфенниг (1823–1898 гг.), Б.Ф. Залесский (1820–1886 гг.), А.Ф. Эйхгорн (1844–1909 гг.), Н.Ф. Финдейзен (1868–1928 гг.), Г.Н. Потанин (1835–1920 гг.), казахские ученые Ш. Уалиханов (1835–1865 гг.), А. Диваев (1855–1933 гг.) и др. В своих трудах наряду с исследова-

нием жанров казахского народного творчества: песен, кюев, легенд, сказаний, образцов танцевального искусства, они подробно описали и традиционные музыкальные инструменты казахов.

Основы науки, изучающей казахские традиционные музыкальные инструменты, ее цели, методы и понятия заложены великим ученым Абу Насыром аль-Фараби. Его дело продолжили ученые Ш. Уалиханов, С. Касиманов, А. Байтурсынов, А. Маргулан, А. Машани, А. Жубанов, Б.Г. Ерзакович, У. Жанибеков, О. Хаймолдин и др. Один из первых ученых, посвятивших всю жизнь глубокому исследованию народных инструментов, Б.Ш. Сарыбаев (1927–1984 гг.) определил их роль и значение в культуре народа. Его труды являются основой и примером в исследовательской деятельности молодых ученых.

До нашего времени дошло много образцов традиционных музыкальных инструментов. Такие мастера как О. Бейсенбекулы (1931–2006 гг.), Д. Шокпарулы (1946–2006 гг.), Ж. Турдыгулов, Б. Кабыланов, Н. Атамкулов, А. Кумаров, С. Кенжегаев, ученый-акустик, кандидат искусствоведения Ж. Нажимеденов и др. значительно расширили возможности применения, звуковой диапазон, способы и приемы изготовления, область распространения народных инструментов. Огромное количество восстановленных ими этнографических инстру-



Фольклор тобы.  
Фольклорная группа.  
Folk group

ментов с успехом используются в известных народно-этнографических инструментальных ансамблях и оркестрах, ансамблях народного танца, таких как «Шертер» (1970), «Сазген» (1980), «Отырар сазы» (1983), «Адырна» (1985), «Алтынай» (1986) и др. Значительная часть образцов древних инструментов в качестве бесценного исторического, культурного достояния выставлена в экспозициях музеев республики.

Наряду с обычаями, обрядами, традициями, религиозными верованиями народ развивал и совершенствовал и музыкальные инструменты – от простых, примитивных до классических форм. Будучи неразрывно связанными с такими понятиями как этническая самоидентификация народа, традиционные музыкальные инструменты стали значимым духовным, культурным и историческим достоянием, охватывающим все стороны общественных отношений. И в этой связи проявляется огромное значение некоторых музыкальных инструментов для истории, искусства и воспитания подрастающего поколения. К примеру, для казахов домбыра кроме своего непосредственного назначения в качестве музыкального инструмента имеет особое значение национального символа.

В основу изучения традиционных музыкальных инструментов легли древние этнографические образцы, собранные в музейных хранилищах, а также

найденные при археологических раскопках, изображенные в древних каменных изваяниях, в рисунках на стенах пещер, петроглифах.

Казахские традиционные музыкальные инструменты в зависимости от способов звукоизвлечения делятся на четыре группы: ударные, самозвучащие; духовые; смычковые; струнно-щипковые.

#### **Ударные инструменты**

*Дабыл* – инструмент, на полый цилиндрический корпус которого натягивается с двух сторон кожа теленка 2-6 месяцев или верблюжья кожа. Звук извлекают, ударяя по нему пальцами или специальными палочками с закругленными концами. Его звук зависит от толщины используемой кожи, степени ее натяжения. Корпус изготавливается из пластичных видов дерева: ивы, березы, тополя.

*Жорык дабыл* изготавливается большого размера. Величина круга достигает 3 м 40 см, высота – 1 м.

*Дауылпаз* – древний инструмент, использовавшийся раньше при охоте с ловчей птицей. По нему ударяли палкой.

Корпус инструментов *шындауыл*, *шын* изготавливается полностью из металла, на одну его сторону натягивается кожа. Во внутрь корпуса, прежде чем натянуть на него кожу, помещают звенящие, брещащие колечки, колокольчики и т.п.

*Кос дункилдек* – на полый корпус натягивается телячья кожа. Причем с одной стороны кожа долж-



на быть потолще, этим достигается разное с двух сторон звучание инструмента.

К группе ударных инструментов относятся дудыга, дангыра, токылдак, кепшик, сакпан, шартылдауык, зырылдауык, асатаяк, сылдырмак, конырау, туяк тас, шын. Все они являются этнографическим достоянием.

### Шумовые инструменты

*Асатаяк, конырау, сылдырмак* относятся к группе инструментов, на которых играют способом встряхивания.

*Асатаяк* изготавливается из древесины ели, дуба, клена, боярышника. На плоское изголовье инструмента прикрепляются всевозможные звучащие погремушки – железные колечки, колокольчики и т.п.

*Дунгиршек* – единственный самозвучающий инструмент, изготавливавшийся из глины, является археологическим памятником.

### Духовые инструменты

Духовые инструменты отличаются двумя значительными особенностями. Во-первых, они имеют естественное природное происхождение, во-вторых – непритязательны в изготовлении. В отличие от других инструментов их делали из бересты, тростника, камыша, дерева, кожи, глины, обожженной глины, кости, рогов, железа, меди, пузыря животных, верблюжьего пищевода, рыбьей и змеиной чешуи.

*Ускирик* делают из глины. Его звук напоминает вой выюги, бурана, ветра, поэтому в некоторых местностях его называют уилдек (*гудок*).

Архаичным духовым инструментом, полностью сделанным из глины, считается *куссайрауык*. Он относится к эпохе древних тюрок (VII-VIII вв.н.э.) и был случайно найден на месте открывшегося возле Туркестана в конце прошлого столетия древнего стойбища. Свое название он получил благодаря тому, что его звуки напоминают пение птиц.

*Бугышак* – вид духовых инструментов, выполненных из кости и рога. Его звук похож на голос маралов и оленей, поэтому им часто пользовались для того, чтобы согнать пасущихся оленей в одно место.

*Желбуаз* – единственный духовой инструмент, сделанный полностью из кожи. Звук выходит из двух мест, куда вставлены длинные полые камышовые трубочки с отверстиями для звука. Встречаются объяснения: «Инструмент назван желбуаз, так как напоминает вымя беременной коровы с торчащими в разные стороны сосками».

*Шанкобыз* изготавливают из металла, реже из дерева. При исполнении на шанкобызе главную роль играют губы, язык, гортань, дыхательные пути человека. Шанкобыз встречается у всех тюркоязычных народов и зовется везде по-своему. А европейцы называют его «варган». Один из редких его видов называется *тоз сырнай*. Для его изготовления берут тонкую, нежную часть коры березы, почти у

самого ствола, очистив ее от внешней загрузившей корки, гнут в дугу величиной в большой палец.

Большую группу духовых инструментов составляют кос камыс, уран, керней и сыбызгы.

*Уран* делается из двух разделенных и вновь пригнанных друг к другу полых кусков дерева с удаленной сердцевинной, плотно обмотанных сыромятной кожей.

*Керней* изготавливают целиком из металла. Если его делали из дерева, то поверх него натягивали верблюжий пищевод. Этот народный прием нужен для того, чтобы уберечь деревянный корпус от растрескивания. В качестве этнографического инструмента керней используется редко.

Широко распространен среди духовых инструментов *сыбызгы*. Его делают из пустотелого стебля травянистого растения. Обычно снаружи его покрывают кишками животных, иногда белой пленкой из их пищевода. Этот прием позволяет дольше сохранять инструмент от влаги, повреждений, придает звучанию особую чистоту. Несмотря на простоту и легкость изготовления играть на этом инструменте совсем непросто. Поэтому довольно редко встречаются истинные мастера-исполнители, освоившие технику игры на сыбызгы.

### Смычковые инструменты

Среди традиционных музыкальных инструментов внешний вид, характеристики, способы и приемы изготовления смычковых инструментов являются общими у всех тюркоязычных народов. На сегодняшний день известны такие виды смычковых инструментов как сазген, кылкобыз, наркобыз, егек, бозаншы.

*Кылкобыз* – этот древний инструмент развивался и совершенствовался, сопровождая деятельность акынов-сказителей, баксы-шаманов, использовался в космологических ритуалах, религиозных обрядах и обычаях. Корпус инструмента выдалбливался из цельного куска дерева твердых пород: дуба, клена, сосны, боярышника, снабжался струнами. Иногда для усиления магического воздействия во внутрь корпуса помещали металлические колечки и т.п.

К струнно-смычковым этнографическим инструментам, не получившим широкого применения, относятся сазген, егек, бозаншы.

Струны для смычковых инструментов изготавливались из конского волоса. В старину мастера, музыканты-кобызисты в сезон стрижки в конце весны состригали волос у лошадей в табуне. Сила натяжения, энергия волоса живого коня значительно больше, поэтому мастера никогда не использовали волос павшего животного.

*Наркобыз* – инструмент, у которого струны самые толстые, так как сплетены из жил.

### Щипковые струнные инструменты

Аль-Фараби связывал происхождение щипковых струнных инструментов с луком. И это утвержде-



ние справедливо для истории инструментов всех народов.

Самый широко распространенный и имеющий много разновидностей щипковый струнный инструмент у казахов – *домбыра*. Корпус инструмента изготавливается как методом выдалбливания из цельного куска дерева, так и собирается из пластин. Несмотря на различия внешнего вида, приемы и принципы изготовления, части инструмента общие для всех домбр. Домбыра состоит из пяти частей. Это: головная часть, шейка, основание, корпус (*дека*), крышка. Есть еще дополнительные детали: колок, подставка под струны, резные деревянные детали, аппликации, струны, резонаторное отверстие, лады и т.п. Подставки под струны бывают нескольких видов: высокие, основные и т.п. Без этих составных частей домбыра останется безмолвной.

Ученый-исследователь Т. Асемкулов так описывает не встречающиеся ни у одного народа, присутствующие только казахскому миропониманию древние названия домбровых ладов: шынырау перне (*до*), жуас перне (*до диез*), косем перне (*ре*), дангыл перне (*ми*), мунлы перне (*ми бемоль*), жетим перне (*фа*), емирели перне (*фа диез*), огыз перне (*соль*), уйсиз перне (*соль диез*), шагырмек перне (*ля*), кетбуга перне (*си*), тылсым перне (*си бемоль*). /60, с.186-188.

В миропонимании казахов домбыра собирательно воплотила в себе ценности всех искусств: прикладного, исполнительского, песенно-поэтического. Как инструмент, просветляющий душу, оберегающий от плохого, обладающий волшебной силой, домбыра всячески украшалась (перьями совы, колокольчиками и т.п.), занимала почетное место в доме. В отличие от других инструментов домбыру не использовали в шаманских целительских обрядах и ритуалах. В силу своей распространенности домбыра имеет много региональных разновидностей.

Домбыра малого размера – *шинкилдек* – имела две струны и предназначалась для обучения детей. Голос шинкилдека в общем хоре инструментов звучит звонко, не теряется. Редко используемый вид инструмента – *трехструнная домбыра*. Она отличается своей особой техникой, звучанием, репертуаром кюев. Сохранилась трехструнная домбыра великого Абая, на которой он создавал свои бессмертные песни и кюи.

Еще один вид щипкового инструмента – *шертер*. Его верхняя дека обтягивалась кожей, в древних образцах отсутствовали лады. Еще одно его название «шертпе кыл» объясняется тем, что его струны изготавливались из конского волоса. Он напоминает кылкобыз, но в отличие от него является щипковым инструментом. Шертер считается самым архаичным и в то же время усовершенствованным инструментом. В музеях хранятся его древние образцы с полностью обтянутым кожей корпусом, короткой толстой шейкой, тремя струнами из конского воло

са. Впервые исследовал шертер, его характеристики, диапазон звучания, технику изготовления известный ученый Б. Сарыбаев.

Среди древних музыкальных инструментов керуиш является многострунным. *Керуиш* изготавливается из твердой древесины (*ель, дуб и т.д.*) и имеет самую разнообразную форму: угловую, дугообразно изогнутую, в виде лука (*от которого он и ведет свое происхождение*), овальную и т.д. Казахи в зависимости от формы называли его садак, адырна, керуиш, кергиш. Среди тюркоязычных народов он бытовал под именем шатхан, жадыган, ятхан, а европейцы называли его арфой. Древние мастера изготавливали инструмент из длинных изогнутых рогов крупного рогатого скота, оленей, архаров, натягивая на них струны. Казахи натягивали на керуиш от 13 до 18 струн. Если деревянные дуги, на которые натягивались струны, изгибались в виде лебединой шеи, инструмент называли «акку керуиш», если струны натягивались на рога оленя, архара, то это был «муйиз керуиш».

*Адырна* очень похожа на этот инструмент. Предположительно инструмент возник в период с III в. до н.э. – IX в.н.э. В народе бытуют мнения, что «адырна возникла в те давние времена, когда люди с луками и стрелами охотились на зверей и птиц» или «до нашего летоисчисления адырна делалась в виде лука, ее корпус напоминал рога маралов, архаров, оленей».

Был широко распространен и использовался еще один вид щипковых этнографических инструментов – *жетиген*. Это сложный и в изготовлении, и в технике исполнения инструмент. В старину его струнами служили конский волос или жильные нити, а вместо подставок под струны использовались альчики ягнят или коз. Техника игры – извлечение звука щипком с нажатием на струну с другой стороны подставки. Корпус представляет собой полый ящик.

По старинным образцам восстановил и усовершенствовал инструмент в 1970–80-х годах прошлого века известный мастер О. Бейсенбекулы.





Домбырашы сақ жырауының мүсіні. Тас-терракот. (V–VIII ғғ.).  
Скульптура сакского сказителя – жырау, терракота. (V–VIII вв.).  
The sculpture of sakhs zhırau, terracotta. (V–VIII cc.).



Сыбызғышы.  
Сыбызгист.  
Sybyzgy player

## Preface

The Kazakh traditional musical instruments are a unique heritage, spiritual and cultural wealth, playing its important role in people's life, traditions, customs, and their world outlook.

The history of the Kazakh traditional musical instruments includes the following periods: the Stone Age (*XI-X millennia BC*), the New Stone Age or Neolithic Age (*V-III millennia BC*), the Bronze Age (*II millennia BC*), the Age of Ancient Turks (*V-VIII centuries AD*), the Age of Ancient Kipchaks (*IX-XII centuries AD*), and the Middle Ages (*XV-XVIII centuries AD*).

The invaluable research documentation about the Great Steppes' art and its peculiarities were left by the following people: outstanding oriental scholars Ibn Sina (*IX-X centuries*), Abu Nasr Al Farabi (*870-950*), Abdurakhman Dzhami (*1414-1492*); those foreign travelers who visited Kazakh steppes for the first time in XIII-XVII centuries: Marco Polo (*1254-1323*), I.G. Georgiy (*1729-1802*), P. Pallas (*1741-1811*), G.F. Miller (*1705-1783*); those scholars who after them made their thorough research of the Kazakh nation's history and ethnography: V.V. Radlov (*1837-1918*), R.A. Pfennig (*1823-1898*), B.F. Zalleski (*1820-1886*), A.F. Agehorn (*1844-1909*), N.F. Findesein (*1868-1928*), G.N. Potanin (*1835-1920*); Kazakh scholars Sh. Ualikhanov (*1835-1865*) and A. Divaev (*1855-1933*),

etc. In their writings, alongside with research work on the genres of Kazakh folk art, such as songs, kuis, legends, stories, and samples of dancing art they gave their detailed description of the Kazakh traditional musical instruments as well.

The foundation of the science that makes research of the Kazakh traditional musical instruments together with its goals, methods and notions was laid by the great scholar Abu Nasr Al Farabi. His work continued such scholars as Sh. Ualikhanov, S. Kasimanov, A. Baitursynov, A. Margulan, A. Mashani, A. Zhumanov, B.G. Erzakovich, U. Zhanibekov, O. Haimoldin, etc. One of the first scholars who devoted his entire life to the deep study of folk instruments was B.Sh. Sarybaev (*1927-1984*). He defined their role and their importance for the culture of the nation. His writings are a basis and an example of the research work for young scholars.

Many samples of the traditional musical instruments remained safe up to nowadays. Such experts as O. Beisenbekuly (*1931-2006*), D. Shokparuly (*1946-2006*), Zh. Turdygulov, B. Kabylanov, N. Atamkulov, A. Kumarov, S. Kenzhegaraev, the acoustician Zh. Nazhimedonov and others considerably extended the opportunities to use folk musical instruments, their sound range, methods and techniques of their making and the area of their popularization. A great lot of



СЫБЫЗҒЫШЫ.  
СЫБЫЗҒИСТ.  
Sybyzgy player

ethnographic instruments that they had restored, are successfully played on in many famous folk ensembles and orchestras, ensembles of the folk dancing such as *Sherter (1970)*, *Sazgen (1980)*, *Otyrar Sazy (1983)*, *Adyrna (1985)*, *Altynai (1986)*, etc. The majority of samples of the ancient instruments are exhibited at the displays in the museums of our republic.

Alongside with customs, traditions, rites and religious beliefs people developed and perfected their musical instruments too: beginning from the simplest and primitive ones to their classical forms. Being closely connected with such a notion as people's ethnic self-identification, traditional musical instruments became an important spiritual, cultural and historic heritage, embracing all the spheres of social relations. And regarding this, there shows up how important some musical instruments are for the history, art and upbringing of the next generation. For instance, *dombra*, apart from its direct musical purpose, is a national symbol of the Kazakh people.

The basis for the study of musical instruments became those ancient ethnographic samples that are collected in museums' depositories, and also those ones found during archeological excavations, represented by ancient stone sculptures and drawn on caves' walls and in petroglyphs.

The Kazakh traditional musical instruments,

as to the way of eliciting a sound, are divided into four groups: percussion, self-sounding instruments; wind instruments; the strings; and stringed musical instruments played by plucking.

#### **Percussion**

*Dabyl* – an instrument, onto hollow cylindrical body of which a skin of a calf aged 2-6 months, or that of a camel is stretched from two sides. The sound is elicited by beating it with fingers or special sticks with rounded tips. Its sound depends on how thick the stretched skin is, and how tightly it is stretched on. The cylinder of the instrument is made from soft kinds of wood: willow, birch or poplar.

*Zhoryk dabyl* is made big. Its size is up to 3 m 40 cm in diameter, and 1 m high.

*Dauylpaz* – an ancient instrument, which was used before, when hunting with hunting birds. It was played by beating on it with a stick.

Bodies of such instruments as *shyndaul* and *shyn* are made entirely from metal, and a skin is stretched on one of its sides. But before the skin is fixed, a few jingling and clanking items are placed inside the body: rings, bells, etc.

*Kos kundilek* – onto its hollow body a calf's skin is stretched. And at one side the skin must be thicker than at the other, in order to make the instrument sound different at its two sides.



The group of percussion also includes: dudyga, dangyra, tokyldak, kepshik, sakpan, shartyldauyk, zhyryldauyk, asatayak, syldyrmak, konyrau, tuyak tas, and shyn. All of them are an ethnographic heritage.

#### Self-sounding instruments

Asatayak, konyrau, syldyrmak go into the group of instruments played on by shaking them.

Asatayak is made from the wood of the fir tree, oak, maple or hawthorn.

Dungirshak is the only self-sounding instrument made from clay. It is now an archeological relic.

#### Wind instruments

Wind instruments differ from others as to two their important features. First, they are of natural origin, second – they are simple to make. Unlike other instruments, they were made from birch bark, reed, cane, wood, animals' skins, clay, burnt clay, bones, horns, iron, copper, animals' bladder, camel's gullet, fish and snake scales.

Uskirik is made of clay. It sounds like the wailing sound of snowstorm, blizzard or wind, so that is the reason why in some regions it is called uildek (*whistle*).

The archaic wind instrument that is fully made of clay is kussayrau. It refers to the epoch of the ancient Turks (*VII-VIII centuries AD*), and it was found by chance at the site of the ancient nomad camp, discovered at the end of the last century near Turkestan town. It has got such a name because its sounds resemble birds' singing.

Bugyshak is kind of the wind instrument made of bones and horns. Its sound is like the call of deer and Siberian stags, so it was often used to drive herds of grazing deer together.

Zhelbuaz is the only wind instrument made entirely from skin. The sound comes off two spots into which the long and hollow canes with holes are stuck. There is such an explanation as "this instrument's name is zhelbuaz because it looks like a pregnant cow's udder with dugs sticking out to different directions".

Shankobyz is made of metal, sometimes of wood. When playing it, the main role belongs to a player's lips, tongue, larynx and airways. All Turkic-speaking nations have shankobyz, though all of them call it in their own way. As for Europeans, they call it vargan. One of its rare kinds is called toz syrnay. To make it, one should take a thin and gentle part of the birch wood, almost at the very trunk, clean it from the tough bark and arc-curve it size of a thumb.

The big group of the wind instruments includes kos kamys, uran, kerney and sybyzgy.

Uran is made of two separated and again joined hollow pieces of wood with the removed core, tightly wrapped into raw leather.

Kerney is completely made of metal. If it is made

of wood, then a camel's gullet must be stretched over it. This folk technique is necessary in order to prevent the wood from cracking. Kerney is hardly ever used as an ethnographic instrument.

Among the wind instruments the most popular one is sybyzgy. It is made of the hollow stem of some grassy plant. From outside it is usually covered with animals' guts, sometimes with a white film of their gullet. This technique lets protect the instrument from moisture and various damages and makes its sound particularly pure. Despite the easy and simple way of making this instrument, it is far from easy to play on. So, there are very few truly skilful performers of sybyzgy.

#### Bow instruments

Among the traditional musical instruments, the bow instruments of all Turkic-speaking nations have common look, features, ways and techniques of making. Today we are familiar with the following kinds of bow instruments: sazgen, kylkobyz, narkobyz, egek, bozanshy.

Kylkobyz is an ancient instrument; it was developed and perfected, accompanying the activity of akyns (narrators) and baksy (shamans), it was used in cosmological and religious rites and ceremonies. The body of the instrument is hollowed out of the whole piece of hard wood, such as oak, maple, pine and hawthorn, and then strings are adjusted to it. Sometimes, to deepen its magical influence, they would put metal rings or something inside the body of the instrument.

The group of string-and-bow instruments that had not been widely used includes sazgen, egek and bozanshy.

Strings for bow instruments were made of horsehair. In old times the skilful kobyz players, when it came the season of shearing at the end of spring, would visit herds of horse to cut some horsehairs for strings. The energy of the living horse's hair is stronger, and it is better stretched, so kobyz players would never use hairs of dead horses.

Narkobyz is the instrument having the thickest strings, as they are twined from sinews.

#### Stringed instruments played by plucking

Al Farabi said that pluck instruments had come from bows. And this statement is true for the history of all nations' instruments.

The most popular Kazakh stringed instrument played by plucking and having many varieties is dombra. The body of the instrument is made both by hollowing it out of the whole piece of wood and by assembling it from wooden plates. Though all dombras look different and have different ways and methods of making, their parts are one and the same for all of them. Dombra consists of five parts: head,